

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

№29 ОМ КММ

Ақтөбе қаласы

19.05.2018ж.

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мектеп ауласын көгалдандыру.
2. Оқушылардың жазғы демалыстары мен еңбек практикасын ұйымдастыру

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жанұзақов У.К. «Елбасының «Туған жер» бағдарламасы бойынша табиғатқа қамқорлық және мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында қажетті деңгейде көгалдандыру жұмысын қолға алынғандығын айтты. Мектеп ауласына 380 түп гүл , бірнеше ағаш отырғызылды. Бұған, мектебіміздің ата-ана комитеті , мұғалімдер де көмектесті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мамбетниязова А.С.өз ойын ортаға салды. Оқушы мен табиғат арасындағы үйлесімділік үнемі үзілмеуі тиіс. Сонда ғана баланың табиғатқа деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігі өсе түседі. Оқушылар ағаш пен әсем гүлдерді өз қолдарымен отырғызды. Біз, жаз бойы осы отырғызылған жасыл желегіміздің әдемі өсуі үшін қолдан келгенше қамқорлық жасаймыз,- деп, сөзін аяқтады.

2-мәселе бойынша сөз кезегін мектеп директоры С.Салиш алды. Иә, отырғызылған әдемі гүлдер мен ағаштарға қамқорлық керек, су құйып, жан- жағына шыққан арамшөптерден тазарту жұмыстарын жасап, қамқорлық көрсету үшін мектебімізде жаз бойы 5-8-класс оқушылары практикалық жұмыстар атқаратынын айтты. Мектебімізде биыл жазғы лагерьдің салынып жатқан құрылысқа байланысты болмайтынын айтып, оқушылар Ақтөбе маңындағы кесенелер, қаладағы әсем жерлерді аралытынын , оларға автобус керектігін айтты. Осы жөнінен балалардың саяхатқа шығуы үшін сіздер тарапынан автобуспен қамтамасыз етсеңіздер деп ұсыныс тастады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жанұзақов У.К : иә, балалар өз өлкеміздің тарихи жерлерін біліп, танысқаны өте дұрыс, қолдан келгенше көмектесеміз,- деді.

Жанұзақов У.К: Ұрпақ тәрбиесі ұстазға байланысты. Шәкірттеріңізді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде сіздердің еңбектеріңіз зор. Менің және қасымдағы қамқоршылық кеңес мүшелері сіздерден мектеп үшін қандай қажеттіліктеріңіз бар, сол туралы да ақылдасып айтсаңыздар, ал біз демеуші жағын қарастырамыз,- деді.

Қабылданған қаулы:

1. Көгалдандырылған мектеп ауласы жаз бойына қадағалауға алынсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысы мен еңбек практикасы дұрыс ұйымдастырылуына қамқоршылық кеңесі өз тарапынан қажетті жағдай жасасын

**Кеңес төрағасы
Кеңес хатшысы**

**Жанұзақов Қ.К.
Жанадилова Д. И.**

